

А 2012  
36413 к

Жүкешев Қ.М.

**МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ:  
қазіргі күйі және  
даму философиясы**

Алматы  
2008









Жүкешев Қ.М.

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ:

*қазіргі күйі және даму философиясы*

Алматы, 2008

ББК 81.2 Қаз

Ж 86

Алтынбек Сәрсенбайұлы қорының қолдауымен шығарылды

Жүкешев Қ.М.

Ж 86 Мемлекеттік тіл: қазіргі күйі және даму философиясы. – Алматы, 2008. – 240 бет.

ISBN 9965-702-75-6

Кітапта қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қоғам өмірінің барлық аяларында әмбебап қолданудың тың жолдары ұсынылады. Көптен бері киуы келіспей жүрген, аса маңызды рухани мәселе мұнда лингвистика, философия, социология, тарих, мәдениеттану, әлеуметтік психология ғылымдарының түйілісінде қарастырылады. Автордың пайымдауынша, қазақ тілінің ауқымды дағдарысы Қазақстан қоғамы дамудың индустриялы сатысына өткенде, тілдің аграрлы қоғамға тән сипаттамаларымен қалып қоюынан көрініс беретін философиялық қайшылықтан туындайды. Осы уақытқа дейін қазақ тілі аграрлы қоғам жағдайында жасалған және соған лайықталған грамматикамен өмір сүріп келді. Енді постиндустриялы қоғамның талаптары ескерілетін ұлттық әдеби тіл ережелері қорытылып шығарылуы керек. Тіл тағдырына тура қатысы бар келесі өзекті мәселе бұқараға қазақ тілінде беріліп жатқан рухани өнімдердің – көркем өнер туындыларының, ғылыми еңбектердің, баспасөз материалының, мектептегі білімнің мазмұнын, өзектілігін және көркемдік сапа деңгейін анықтау болып табылады. Осылар арқылы қоғам мүшелерінің тілге қатынасы, оны үйренуге мүдделілігі айқындалады. Бұл мәселелер тіл философиясы шеңберінде қарастырылады.

ББК 81.2 Қаз

Ж  $\frac{4602000000}{00(05)08}$

Сарапшы:

Философия ғылымдарының докторы, профессор Әбішев Қ.

Басылымның мүліктік құқығы қорғалған.

ISBN 9965-702-75-6

© Алтынбек Сәрсенбайұлы қоры, 2008

## АЛҒЫ СӨЗ

Өзін қазақтың деп санайтын әрбір азаматты тіліміздің бүгінгі күйі алаңдатпай қоймайды. Осы мәселеге қатысты баспасөзде жарық көріп жатқан жалынды мақалалар, алқалы жиындарда айтылып жатқан өсиетті сөздер, қорғалып жатқан диссертацияларды мыңдап санауға болады. Алайда, сіздің назарыңызға ұсынылып отырған танымал тілтанушы, философ Қанағат Жүкешевтің «Мемлекеттік тіл: қазіргі күйі және даму философиясы» атты еңбегі, біздің ойымызша, қазақ тілінің өткені, бүгінгі мен болашағы туралы соңғы жылдары жарық көрген кітаптардан бөлек, жаңашыл тұжырымдамалар мен терең ойға толы дүние.

Шынын айтайық: бүгінгі қазақ тілі философиядан бөлек өмір сүріп келеді. Тіл мәселесі негізінен филология ғылымы мен қаламгер орта өкілдері корпорациясының «жекеменшік» тақырыбына айналғалы қай заман! Бірақ баршаның күнделікті өмірі мен танымына тікелей қатысты тіл мәселесіне келгенде оны тек қоғамның бір ғана кәсіби тобына тапсырып қойғанымыз қаншалықты дұрыс болады? Егер осы саланың мамандарымен қатар талай жылдар бойы қордаланып қалған көптеген мәселелерді шешуге философия, әлеуметтану, психология сияқты ғылымдардың да мамандары белсене қатысқан болса, жұмыла көтерген жүктеріміз біршама жеңілдемейтін бе еді?

Тіл – біздің өміріміздің өзегі, қоғамымыздың айнасы. Тілдің даму деңгейі мен қоғамның даму деңгейі бірімен-бірі тұтас, тығыз байланысы бар құбылыстар. Тілімізде орын таппаған, нақты атауы жоқ ұғымдар мен құбылыстар өмірде де жоқ. Әрбір зат пен құбылыс пайда болардан бұрын алдымен тілімізге енуі тиіс. Олай

болатын болса, тіл мәселесі ең алдымен философия ғылымының мәселесі болып табылады. Осы себепті болар, ғұлама тілтанушы В. фон Гумбольдт тілтануды «адамзаттың философиялық тарихымен» тікелей байланыстыруға шақырса, М.Мюллер оны «қатып қалған философия» деп түсінген екен.

Тіл – тек қана мыңдаған жылдар бойы үзілмей келе жатқан тарихи үдерістің нәтижесі ғана емес, сол тарихты жасайтын үдерістің өзі. Жоғарыда аталған Гумбольдт тіл белгілі бір істің (ergon) жемісі емес, сол істің (energeia) өзі болып табылады деген екен. Әлемдегі әрбір тіл – «халықтың шынайы рухын, тарихын» танытатын, паш ететін, дамылсыз және мәңгі шыңдалатын, дамитын жүйе деп түсіну керек дейді ол. Бұл ойды герменевтиканың негізін қалаған философ Гадамер «тіл – жалпы таным дегеннің барлығы іске асатын әмбебап орта» деп таратады. Немістің тілтанушысы Х.Г.К. фон дер Габеленц «тіл – менің әлемге қарайтын рухани көзім» депті. Вильгельм фон Гумбольдт тілді қатып қалған, өлі өнім (Erzeugtes) деп қарауға болмайды, оны тек аяғы жоқ жасампаз үдеріс (Erzeugung), рухымыздың көзі, қуаты деп тану, түсіну қажет дейді. Оның осы ойын неогумбольдшіл ілімді қалыптастырған шәкірті Л.Вайсгербер «тіл – дүниеқұрудың (миросозидание) өзі» деп дамытып келді.

Осыны айта отырып біз филология ғылымының, оның көптеген салаларының маңызын жоққа шығарайын деп отырған жокпыз. Олардың өзіндік рөлі бар, маңызы зор. Дегенмен үлкен танымдық, философиялық, тарихи негіздерге сүйенбеген, солар арқылы тұжырымдалмаған, тиісті талқы, қажетті рефлексия елегінен өтпеген ғылымның қоғам мен ұлтқа берері шамалы екені де хақ. Қазақ қоғамы әлсіз. та-



мырсыз астрофизикаға не болмаса гидрогеологияға қызықпауы мүмкін. Бірақ қазақ қоғамы әлсіз, тамырсыз тіл ғылымына, тілтануға немқұрайлы қарай алмайды.

Бүгінгі қазақ қоғамы өмір сүріп жатқан заман – орасан зор тарихи өзгерістер заманы. Бір ғасырдың ішінде біздің қоғам бір емес, бірнеше саяси-экономикалық формациялардың ауысуының куәгері және құрбаны болды. Ал осы өзгерістердің барлығы тіліміз бен тілтануымызға қалай әсер етті? Сол өзгерістермен бірге келген жаңа қоғамдық қатынастар мен ұғымдар тілімізге яғни өмірімізге енді ме? Жаңағы қоғамдық қатынастардың өмірімізге енуі үшін тілтану ғылымы не істеді? Егер Кеңес заманының тілтанушылары қоғам тілін кешегі тоталитарлық жүйенің кезіндегі қатынастарға лайықты ете алды десек, бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның мамандары ұлтымыздың тілін, халқының ойлау деңгейін ХХІ ғасырдағы постиндустриалдық қоғам талаптары мен заманауи сынақтарға сай, бәсекеге қабілетті қоғамның қалыптасуына тиісті қызмет ете ала ма? Әрине бұл оңай сұрақтар емес. Десек те, оларға дұрыс жауап іздеп, жанталасып жұмыс істемесек, ұлтымыздың болашағы жарқын бола қоймайды. Жиырмасыншы ғасырдың ғұлама ойшылы, физик Вернер Гейзенберг «біздердің көріп, аңғарып отырғанымыз табиғаттың өзі емес, алайда сұрақ қою тәсілімізге байланысты танылып отырған табиғат» деген екен. Яғни біздер белгілі бір мәселелердің шешімін іздемес бұрын өзімізге және қоғамға қояр сұрақтарымыздың дұрыстығына, заңдылығына, қисындылығына көз жеткізуіміз керек. Бұл философияға жүгіну!

Тіл өзгермей – заман өзгермейді. Тіл реформаланбай – тірлігіміз баянды болмайды. Адамдардың ойлау тәсілі өзгермей, дүниені түйсіну әдістері өзгермей,

ештеңе өзгермейді. Тіл өзгермей ешқандай саяси, әлеуметтік, экономикалық, психологиялық жаңалықтар мен қатынастар орнамайды. Ал адамдардың ойлау қабілеті тек тіл өзгерген кезде ғана өзгереді! Бұл аксиома! Одан қорқудың, үркудің еш қажеті жоқ. XVI ғасырда өмір сүрген бабамыз XIX ғасырдағы Абайды толық түсінбесе, XIX ғасырдағы Абай біздерді түсінбесі хақ. Себебі заман өзгерген сайын тіл де өзгеріп тұрды. Ал XXI ғасырда тұрған біздер «тіл тазалығын» сақтаймыз деген желеумен ойлау қабілетіміз бен менталитетімізді XIX ғасыр не XX ғасырдың басы деңгейінде қалдыра берер болсақ, заман көшіне ілесе алмаймыз!

Тағы да қайталайын: тіл сөзден тұрмайды, сөз тілден шығады! Тілді қалыптастыратын ой мен іс емес, тіл ой мен істі қалыптастырады. Гумбольдша айтқанда: «Тіл – ойды жасақтайтын, қалыптастыратын орган» (немісшесі – *Die Sprache ist das bildende Organ des Gedanken*). Тағы бір цитата келтірейін. Людвиг Витгенштейн «менің тілімнің шекарасы менің дүниемнің шекарасы болып табылады» деп айтқан екен. Олай болса, біздің мақсатымыз – ана тілімізді реформалау, дамыту арқылы, тіл шекарасын кеңейту арқылы ұлтымыздың кеңістігін ашу, өрісін кеңейту! Өздеріңізге зор ілтифатпен ұсынылып отырған осы кітап осындай мақсатта жазылған.

Осы кітапта айтылған кейбір мәселелер мен тезистердің қоғамымыздағы кейбір, марқұм Алтынбек Сәрсенбайұлының сөзімен айтсақ, «тілді саяси виаграға» айналдырған, корпоративтік, топтық мүдделерін қоғамнан биік қойған азаматтарға ұнамайтынын біз жақсы түсініп отырмыз. Оларға айтарымыз: тілді дамыту, реформалау осындай шынайы, сабырлы, парасатты әңгімеден басталады! Біз бойымыздағы жалған

комплекстерден арылып, шындықтың көзіне тіке қарай алатын деңгейге жеттік!

Терең ой мен энциклопедиялық білімге негізделген Қанағат Жүкешевтің осы кітабы тек қана тіл мамандары немесе философтар үшін ғана емес, жалпы көпшілікке, әсіресе гуманитарлық салада оқып жүрген жастар үшін қызықты болатыны хақ. Автор әлемдік және қазақ тілтану ғылымындағы сан алуан тұжырымдар мен идеяларды біріктіре отырып, болашақта нақты іс-шаралардың негізі болатын біртұтас, синтетикалық, синергетикалық тұжырымдама жасап шығуға ұмтылған еді. Біздің ойымызша Қ.Жүкешевтің бұл ұмтылысы жемісті болған сияқты.

Осы кітапты қалың көпшіліктің назарына ұсына отырып, оны шығаруға мұрындық болған, қолдау көрсеткен, пікір айтқан барлық азаматтарға, әсіресе Мұрат Әуезов бастаған зиялы қауым өкілдеріне, Төлеген Жүкеев, Ораз Жандосов сынды қоғам қайраткерлеріне өзіміздің алғысымызды айтқымыз келеді.

*Айдос Сарым,  
Алтынбек Сәрсенбайұлы қорының жетекшісі*

## КІРІСПЕ

*Ұлы өзеннен өткелмен өткен қолайлы  
(Конфуций).*

XXI ғасырдың басындағы қазақ тілі дегенде біздің ойымызға қазіргі қазақ тілінің қарама-қарсы екі күйі оралады.

Біріншіден, қазақ тілі – көркемдігі және көлемі жағынан дүние жүзінде теңдесі жоқ, өзге ешбір халық жасай алмаған, аса бай эпикалық-фольклорлық шығармалар жасалған тіл. Қазақ тілі – Еділада мен Шыңғыс хан құрған, аузымен құс тістеген, бүкіл дүние жүзін тітіреткен империялардың мемлекеттік тілі болған көне түркі және қыпшақ тілдерінің мұрагері. Қазақ тілі – әйгілі ғұламалар А.Иасауидің, М.Қашғаридің, Ж.Баласағұнидің, Абайдың, М.Әуезовтың, М.Жұмабаевтың өлмес шығармаларын дүниеге әкелген тіл. Қазақ тілі – тәуелсіз Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Екіншіден, XXI ғасырдағы қазақ тілі – заңды түрде мемлекеттік тіл бола тұра, іс жүзінде мемлекеттік істер жүргізілмейтін, экономикалық айналыста, өндірісті басқаруда, технологияда қолданылмайтын, ғылымда, саясатта, білім беруде, әскери қызметте ішінара қолданылатын, ережелері толық бірізділікке түсірілмеген, стильдері ажыратылмаған, орнықтылығы сақталмайтын, сонысыментүсініксіз, өзгелерге үйренуге қиын, сондықтан автохтонды емес ұлттар өкілдері мүлдем, ал мемлекеттің атауын алып отырған ұлттың өзінің белгілі бір бөлігі білмейтін тіл жағдайында қалып отыр.

Кеңестер Одағының ыдырап, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін алуы қазақ тілінің

маңдайын жарқыратып, көсегесін көгертуге тиіс еді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мемлекеттік тілге бет бұрған бұқара оны үйренуге ынта білдірді, қазақ тілінде сабақ оқытылатын мектептердегі оқушылар контингенті күрт артты. Қазақ тілінде шығатын баспасөз құралдары көбейіп, кітап бастыруда онды өзгерістер болды.

Алайда, бұл ілгерілеушіліктердің өмірі ұзақ болмады, қазақ тілі одан әрі қарқынды дамиды деген көпшіліктің үміті ақталмады. Бұқараның қазақ тілін үйренуге, қолдануға құлшынысы тез басылып қалды. Бір кезде қазақ тілінде сабақ оқытылатын мектепке ағылу тоқсаныншы жылдардың екінші жартысында және одан кейінгі кезеңде бәсеңсіп қалды. Қазақ тілінде жасалып жатқан мәдениеттің жастар арасында беделі бұрынғыдан да төмендей бастады. Мемлекеттік мәртебесі бар тілді үйрену де, үйрету де шешуі қиын мәселеге айналды. Өзгені қойып, ұлты қазақ азаматтардың өздеріне тіл үйрету қиындап кетті. Қазақ тілінің экономикалық айналыста, мемлекетті басқаруда қолданылуы қоғамдық өмір аяларының көбінде үстірт жүргізілді. Оның келешегіне күмән тудырушылар көбейді, баспасөзде ол туралы сынай жазған материалдар көптеп жарияланатын болды. Олардың арасында жалған, жалаң ұрандар мен дауырықпа әнгімелер көп болғанымен, мемлекеттік мәртебесі бар қазақ тілінің терең тоқырауға ұшырау себебін, алдағы уақыттарда оны қалай дамыту жолдарын ешкім көрсетіп бере алмады.

Біреулер бұл құбылыстардың себептерін тіл саясатын жүргізудің дұрыс еместігімен, қателігімен түсіндіріп жатты. Қазақ тілінің жанашырлары мемлекеттен тілді дамытуға бөлінетін қаржыны көбейтуді, тіл саясатын

жүргізуге бағытталған шаралардың пәрменділігін талап етті. Түрлі волонтаристік ұмтылыстарға да жол берілді: қазақ тілін репрессиялық әдістермен – тіл білмегендерді парламенттің, үкіметтің құрамынан кудалау, жұмыс бабымен өрлетпеу, түрлі деңгейлердегі заң шығарушы органдардың депутаттығына сайлатпау, тіл полициясын құру шараларын жүргізу идеялары көрініс берді.

Расында Қазақстан Республикасының Парламенті, қаншалықты үкіметтің ықпалында кетті дегенмен, қазақ тілінің мүддесін қорғайтын заң шығармай қойған жоқ. Тоқсаныншы жылдардың алғашқы жартысындағыдай емес, жаңа ғасыр басталғаннан бергі кезеңде өзге тілдердің мемлекеттік мәртебеге таласуы келмеске кеткен, парламент те қазақ тілінің қажетіне қандай заң болса да икемдеп беретін жағдайға жеткен болатын. Үкімет те мемлекеттік тілді дамытуға белгілі мөлшерде қаржы бөлетін болды. Жоғары және орта оқу орындарында қазақ тілін оқытуға бөлінетін уақыт үнемі көбейіп отырды. Ал қалың халық бұқарасы, соның ішінде ұлты қазақ еместер де, кезінде қазақ тілінде оқып, еңбек етуге жаппай бейімдік танытқан болатын. Осындай жасалып жатқан жағдайларға қарамастан қазақ тілінің тасы өрге домалай алмады, айдарынан жел еспеді, сол бұрынғыдай, от басындағы, ошақ қасындағы тұрмыстық күнкіл тілі жағдайынан шыға алмады.

Осы уақытқа дейін тіл мәселелерімен тек тіл мамандары айналысып келді. Тілдің қоғамдық құбылыс ретіндегі мәні мен қызметін ғылыми тұрғыдан анықтауға қоғамтанушы ғалымдар – философтар, социологтар, мәдениеттанушылар, әлеуметтік психология мамандары қатыспады. Соның салдарынан қазақ тілінің дамуына пәрменді ықпал ететін қоғамдық-әлеуметтік факторлар назардан тыс қалып отырды. Тілтанушы

ғалымдардың мектеп грамматикасы шеңберіндегі абстракті зерттеулері мен әкімшілік шаралар жүргізу қазіргі қазақ тілінің алдында тұрған міндеттерді шешіп бере алмады.

Мемлекеттік тілдің өз мәртебесіне сай қолданылуын қамтамасыз етудің орасан зор тарихи маңызы бар. Қазақ тілі – ұлттық мемлекеттің, қазақ халқының бет пердесін көрсететін, оның басты атрибуты. Тіл мәселесін шешу – халық талабы, өйткені, сол арқылы елдің, ұлттың, мемлекеттің өмірі жалғасын табады, ұлт ұйып, қоғам орнығады, дүние жүзі алдында елдің беделі артады.

Әдеби тіл мәселелерін философия, социолінгвистика, әлеуметтік психология, мәдениеттану және педагогика ғылымдарының түйісінде зерттеу енді ғана қолға алынып отыр. Кеңес дәуірі кезінде ұлт тілдеріне қатысты жүргізілген арнайы кертартпа саясат әдеби тілге қойылатын талаптарды айқындау және оларды тілдік практикада қолдану жұмыстарын жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Тәуелсіздік жылдарында тіл мәселелерін ғылымдар тоғысында қарастырып зерттейтін мамандардың болмауынан, тілдің жалпыға міндеттілігі қоғам дамуымен қабыстыра қарастырылып талданған жоқ. Соның салдарынан қазақ әдеби тілінің нақты күйін көрсете алатын айқындама жасалмады, талаптары сараланбады, тиісінше, әдеби тіл ұғымы оқулықтарға үстірт енді және қате тұжырымдалды.

Бұл еңбекте қазақ тілінің көптен бері қиюы табылмай келе жатқан келесі өзекті мәселелері қарастырылады:

- қазіргі қазақ ұлттық әдеби тілінің жалпы жағдайына сипаттама беріледі, тіл қолданыстағы келеңсіздіктер зерттеледі;

- қазіргі қазақ ұлттық әдеби тілінің ауқымды дағдарысының басты қайшылығы мен негізгі себептері ашылады;

- қазіргі қазақ ұлттық әдеби тілінің жалпы айқындаушы (конститутивтік) қасиеттері, тіл онтологиясы, даму үдерісі, мәселелері және келешегі алғаш рет дүние жүзінің өркениетті индустриялы елдерінің қалыптасқан әдеби тілдерінің тәжірибелеріне сүйене зерттеледі;

- өзгеріп отырған қазіргі Қазақстан қоғамындағы тілдің даму үдерісі мәдени-әлеуметтік өмірдің, ғылымның, көркем өнердің даму жағдайымен ұштастыра қарастырылады;

- индустриялы қоғамда қызмет ететін қазіргі қазақ ұлттық әдеби тіліне қойылатын талаптар алғаш рет ғылыми-теориялық негізде тұжырымдалып, әдеби тілдің моделі тілдік практикада қолдануға ұсынылады;

- қазақ ұлттық әдеби тілінің өзекті мәселелері тіл философиясы шеңберінде қалыптасқан, уақыт санынан өткен тұжырымдар мен қағидаларға сүйеніп зерттеледі, тілді дамытудың жаңа парадигмасы ұсынылады.



## I тарау

### ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚАЗІРГІ КҮЙІНЕ СИПАТТАМА

#### Қазақ тілінің басты қайшылығы

Қазақ тілінің ауқымды дағдарысының мәнін тарихқа ретроспективті шолу жасай отырып анықтауға болады.

Қазақ тілі XIX ғасырдың екінші жартысына дейін қазақ қоғамымен біртұтас, оның аграрлық болмысына сәйкес дамыды. Оның тоқырауы Қазақстанның Ресейге толық бағыныштылыққа түсуімен байланысты болды. Қазақстанға орыс тілінің келуі, оның қызметіне толық жағдай жасалуы қазақ тілінің өмір сүру ареалын тарылтып жіберді және бұл шара үкімет тарапынан пәрменді жүргізілді. Қазақ тілі қоғамдық-экономикалық өмірден, әкімшілік іс жүргізуден шеттетілді. Соның салдарынан біртіндеп, өзінің онтологиялық және конститутивтік қасиеттерінен айырыла бастады.


XX ғасырдың екінші жартысынан басталған халық шаруашылығын индустрияландыру шаралары қазақ тілінің қолданылу аясын одан ары тарылтты – ол өнеркәсіпте, ғылым мен техникада мүлдем қолданылмайтын, саясатта, мәдениет пен білім салаларында ішінара ғана қолданылатын тілге айналды. Біртіндеп ұлттық тұтастықтың іргесі сөгіліп, орыс тілінде сөйлейтін, менталитеті басқа социум пайда болды. Жыл өткен сайын ол белең алып, екіжақты шынайылық – қазақ өміріндегі рухани дуализм орнай бастады. Алдымен сауатты адамдардың жан әлемінде орын алған қазақша-орысша екідайлық кейінгі кезеңде бүкіл халық бұқарасына таралып кетті. Орыс тілінің ықпалының артуы қазақ тілінің ықпалының кемуімен қабаттас жүріп отырды. Кеңес Одағының құлауы алдында қазақ тілі

мен ұлттық мәдениеттің жағдайы апаттық межеге дейін жетті. Бұл құбылыс қазақ ұлтының кінәсінен немесе қазақ тілінің қауқарсыздығынан емес, тіл мәселелерімен айналысушылардың тарихтың сол сатысында ұлттық мәдениетті, тілді сақтап қалудың баламалы жолын көре алмауының салдарынан орын алды.

Тарихты өркениеттік тұрғыдан түсіндіретін әдіснама бойынша дамудың аграрлы, индустриялы және постиндустриялы деп аталатын үш негізгі сатысы болатыны белгілі. Ал тілдерді алатын болсақ, олардың кейбіреулері аталған сатылардың бәрінде болып, дамудың табиғи жолынан өтуі мүмкін, енді біреулері өркениет дамуының алғашқы сатыларында болса да, қоғам одан кейінгі, жоғары сатыға өткенде белгілі себептермен бұрынғы тұрғысында қалып қоюы мүмкін. Осыдан тілдердің қоғамдық укладқа қатысты алғанда түрлі сатыларда қалып қою жағдайлары ұшырасып жатады.

Мысалы, көршілес Ресейде қанша әлеуметтік сілкіністер болса да, орыс тілі орыс қоғамынан ажырап қалған жоқ және даму сатысы жағынан сәйкесті болды. Сол сияқты, ағылшын тілі ағылшын қоғамынан, француз тілі Франциядан, жапон тілі Жапониядан, қытай тілі Қытай қоғамынан ажыраған жоқ. Ол тілдер төл қоғамдарының даму баспалдақтарына сәйкестілігінен имманентті қасиеттерін жоғалтқан жоқ. Ал XX ғасырдағы қазақ тілінің даму динамикасына қатысты жағдайдың бұлардан өзгешелігі – қазақ тілі Қазақстан қоғамында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық үдерістерге және оларды басқаруға араласудан ажыратып тасталынды. Бұл жағдай қоғамның дамуы мен тілдің дамуы арасында сәйкессіздіктің орын алуына, екінші сөзбен айтқанда, олардың өркениеттік даму сатысының түрлі баспалдақтарында қалып қоюына әкеліп соқтырды.

## Тіл және қоғам: даму сатыларында орналасуы



Қазақстан қоғамы дамудың аграрлы сатысынан өтіп барады, негізінен өркениеттің индустриялы сатысында тұр. Ал қазақ тілі толығымен дамудың аграрлы баспалдағында қалып қойған.

Қазіргі Қазақстанда қоғамның даму деңгейі мен тілдің дамуы арасындағы сәйкессіздік (деидентификация) осылай орын алды. Қазақстан қоғамы – бір жағынан аграрлық элементтері көрініс беретін, ішінара постиндустриялы даму деңгейіне аяқ артып отырған, негізінен индустриялы қоғам. Ал қазақ тілі болса, әлі негізінен аграрлық қоғамның тілі ретінде қалып отыр. Қазақ тілінің дамуының ішкі қайнарын көрсететін *философиялық қайшылық* осыдан туындап отыр. Қазіргі қазақ тілінің бастан кешіп отырған қиындықтары, қоғам өмірінің басым аяларындағы қолданыстағы мүшкіл жағдайы, өзінің мемлекеттік мәртебесіне сай қызметін атқара алмай отыруы осы фактормен - *қоғам мен тілдің өркениеттің даму сатыларының түрлі баспалдақтарында қалып қояынан көрініс табатын қазақ тілінің басты қайшылығымен түсіндіріледі.*

Қоғам – тұтастық, тіл – оның маңызды компоненті. Тіл өзінің төл қоғамымен бірге дамып отырса, демек, қоғам дамудың келесі баспалдағына өткенде, тіл де онымен аталған сатыға бірге өтсе, бұл тұтастық пен компонент арасында тікелей идентификацияның бар екенін көрсетеді. Егер қоғам дамудың келесі баспалдағына өткенде тіл бұған дейін үстемдік құрып келген укладтағы сипаттамаларымен қалып қойса, бұл тіл мен қоғам арасындағы идентификацияның жоқ екенін көрсетеді. Қоғам мен арадағы байланысқа тосқауыл қойылғандықтан қазақ тілі өсу қарқыны жасанды тежелген мүше сияқты болып қалды. Және осы тосқауыл Кеңес кезінде коммунист идеологтардың бағдарлы жүргізілген әкімшілік шараларымен жүзеге асырылды.

Оған мына айғақ дәлел бола алады. 1958 жылы Қазақстанда «Қазақ тілі мен әдебиеті» ғылыми-

әдістемелік журналы шыға бастаған. Әдетте, салалық шаруашылық басылымдарын шығару күзіреті Республиканың өз қарауында болса да, дәл осы басылымға қатысты шешімді Мәскеу шығарып, екі-үш саны шыққан соң жаптырып тастаған [1: 77-б.]. Мақсат айқын: ғылыми журнал шыққан соң қазақ тілінің мәселелері ғылым тұрғысынан зерттеле бастайды, оның арты тілге, тиісінше, мәдениетке, көркем өнерге, мектептегі білім беруге, тілдің саясатта, әлеуметтік өмірде, экономикалық айналыста қолданылуына қатысты мәселелер түйдегімен көтерілетін жағдайға алып келеді. Ары қарай оның салдары бұл мәселелердің шешілуін талап етуге апарып тірейді. Сөйтіп, Компартия «сарбаздарының» қазақ тіліне қатысты жүргізіп отырған жою саясаты жүзеге асырылмай қалады. Ал тілді ғылыми-теориялық зерттеусіз, өмірлік практика ағысымен қоя бергенде, ол манжырап, ағыс екпіні солғындап, біртіндеп шаруашылықтағы және басқа салалардағы айналыстан шығып қалады, өзінен өзі жойылады.

Өркениет дамуының үш сатысының аталуына сай, тілдің сәйкес қолданылу жағдайын шартты түрде *аграрлы қоғамның тілі, индустриялы қоғамның тілі, постиндустриялы қоғамның тілі* деп сипаттауға болады. Тілдің аграрлылығы оның аграрлық укладты қоғамның барлық аяларында қолданылатынын, ауыл шаруашылығында үстемдік жүргізе алатынын, ал тілдің индустриялылығы оның өнеркәсібі, ғылымы, техникасы дамыған қоғамда әрекет ететінін, технологиялық үдерістерді басқаруда қолданылатынын білдіреді.

Аграрлы және индустриялы қоғамдардың тілдерінің арасында тарихи дамудың мазмұнымен айқындалған, имманентті айырмашылықтар бар. Олардың біріншісі

– аграрлы және индустриялы қоғамдардың тілдерінің лексемаларының басым бөлігі, тиісінше, мағыналық жағынан сол қоғамдардағы өмір шындығын бейнелейтін бірліктерден тұрады. Демек, аграрлы қоғамның тілі ауыл шаруашылығында, тұрмыста қолданылатын сөздерге, ал индустриялы қоғамның тілі өнеркәсіпті, технологияны, қала тұрмысын бейнелейтін сөздерге бай болады. Мұны анықтап алуға әбден болады. Мысалы, «тайлак» деген сөздің түйеге қатыстылығын, демек, мал шаруашылығы аясында қолданылатынын, ал «станоктың» индустрия аясында қолданылатын сөз екенін ажырату қиын емес. Осылай тілдің сөздік қорына мағыналық анализ жасай отырып, оның аграрлық немесе индустриялық тіл ретіндегі сипаттамасын ашып беруге болады. Екінші айырма аграрлық және индустриялы қоғамдардың тілдерінің сөз саптау стильдерінде болады. Оның айқындаушы критерийлері мыналар: *бейнелілік – аграрлы қоғамның, орнықтылық – индустриялы қоғамның тіліне тән құбылыстар*. Үшінші айырма зерттеліп отырған тілде таратылатын ақпарат кеңістігіне шығарылған материалдардың мазмұнынан көрініс табады. Қарастырылып отырған тілде таралатын белгілі бір әдебиеттер тобына, мысалы, көркем әдебиетке немесе бұқаралық ақпарат құралдарының материалына немесе орта және жоғары оқу орындарында оқытылатын тіл, әдебиет және басқа өнер пәндерінің оқулықтарына енген материалдарға тақырыптық анализ жасау арқылы *мазмұнның агропроптылығы немесе индустриялылығы* айқындалады. Бұлардың біріншісі аграрлық қоғамға, екіншісі индустриялы қоғамға тән. Осы айырмашылықтардың карама-қарсылықтарға апарып соқтыру жағдайлары қазіргі қазақ тілінің қолданылу практикасынан үнемі ұшырасып отырады.

Қайшылық атаулының бәрі толып жатқан қарама-қарсылықтардан тұратыны белгілі. Бұлардың кейінгілері – алғашқысының құрамдас бөліктері. Қазіргі қазақ тілінің онтологиялық күйін *қарама-қарсылықтардың шоғыры* ретінде көз алдыға елестетуге болады. Ол қарама-қарсылықтар негіз құраушы ұстанымдардан – дамудың түрлі баспалдақтарында тұрған қоғам мен тілдің арасындағы қақтығыстардан, екінші сөзбен айтқанда, *аграрлы тілдің бейнелілігі мен индустриялы тілге қойылатын талап тіл орнықтылығы* (стабильность языка) арасындағы сәйкессіздіктен өрбіп жатады және тіл грамматикасынан ғана емес, ол тілде жасалған мәдениеттен, тілдің субъектімен арақатынасынан, өзге рухани аялармен байланыстарының бәрінен көрініс тауып жатады.

Кез келген қарама-қарсылық қақтығысқа алып келеді. Қақтығыс шептесуші жақтардың күресіне ұласады. Оның арты біреудің жеңіп, екіншісінің жеңілісімен тынады. Ал жеңудің кепілі – жетілу. Жетілу қарқынды болған сайын объект жеңіс тұғырына жақындай түседі. Әр сүріністен кейін серпіліс болуы, әр апаттан кейін міндетті түрде түбегейлі өзгеріс жасалуы керек. Олай болмаса – тоқырау басталады. Даму болмаған жерде – сему, сүрілену бар. Бұл – тығырыққа тура бастап апаратын жол.

## Сөз қолданыста ұшырасатын келеңсіздіктер

*Жалған мен ақиқаттың арасындағы айырма жойылды (К. Поппер).*

Қазақ тілінің ережелерін қалыпқа түсірумен тұтас ғылыми-зерттеу институты ұзақ уақыт бойы айналысып келеді. Бұл бағытта біршама жұмыстың жасалғанына көзжұмбайлықпен қарауға болмайды. Өткен ғасырдың 20 жылдарында қазақ тілінде тұңғыш әліппе, грамматикалар және өзге оқу құралдары шыға бастады. Қазақ тілінің жүйелі грамматикасын жасау 30 жылдардан бастап жолға қойылды. Бұл істердің басында А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов секілді тіл білімдерінің негізін қалаған ірі тұлғалар тұрды. Содан бастап 80 жылдардың ортасына дейінгі кезеңде жүздеген қазақ ғалымдары грамматиканың түрлі салалары мен бағыттары бойынша зерттеу еңбектерін жүргізді, монографиялар мен оқулықтар жазды.

Зерттелуі, жасалуы, іс жүзінде қолданылуы және сақталуы жағынан қазақ тілінің грамматикасы кезінде Орта Азиядағы өзге де түркі тілдес халықтарға үлгі боларлықтай қарқын алып дамыды. Бірақ, кейінірек ол қарқын бәсеңдей берді. XX ғасырдың 30-50 жылдарындағы саяси қуғындар тіл мәселелерімен айналысатын ғалымдарды да сырт қалдырмады. Тоқырау жылдарындағы большевиктердің тіл саясатында ұстанған бағыттары қазақ тілінің де дамуын тығырыққа әкеп тіремей қоймады. Соның салдарынан қазақ тілінің көптеген мәселелері тыңғылықты тиянаққа жеткізілмей, орта жолда қалып қойды. Қазақ тілі грамматикасының кейбір ережелері екіұшты болып, ауызшада ғана